



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2022 жылғы 21 желтоқсанда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Ә.А. Смайыловқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Осы депутаттық сауалмен, 2023 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енетін күнбағыс тұқымын экспорттауға баж салығын енгізу мәселесіне Сіздің назарыңызды аударамыз.

Бұл шешімді қабылдау қажеттілігі күнбағыс тұқымының жаһандық тапшылығына, соның ішінде қазіргі геосаяси жағдайға байланысты. Сонымен қатар, **Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің ұстанымына сүйенсек, аталған шектеу отандық май өңдеу зауыттарын жүктеп, жоғары сапалы тауарларды экспорттау қажеттілігіне негізделген.**

Алайда, бұл шешім фермерлер мен егіншілер тарапынан наразылық тудырды. Мәселен, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда күнбағыс майының өндірісі жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар, **егер 2013 және 2017 жылдар аралығында Өндіріс құрылымында тазартылған күнбағыс майының көлемі басым болса, 2017 жылдан бастап тазартылмаған май өндіру көлемі екі есеге жуық өсті (кесте қоса беріледі).**



Басқа сөзбен айтқанда, май өңдеу зауыттары өнімді терең өңдеу технологияларына инвестиция салмайды, оның орнына іс жүзінде айтарлықтай қосымша құны жоқ бастапқы өңдеуді ғана пайдаланады. Осыған орай келесі сұрақ

туындайды: неге мемлекет тиімсіз кәсіпорындарды қолдауды жалғастыруда? Сонымен қатар, бүгінгі таңда кәсіпорындар тек алғашқы өңдеуді игеріп, өнімдердің барлығын Қытай мен таяу шет елдердің нарығына жөнелту үрдісі айқын байқалады. Сондықтан да бүгінгі таңда Қазақстандағы сөрелер 80%-ға дейін импорттық өнімдермен, соның ішінде күнбағыс майымен толтырылған.

Бұл шешімді қабылдаудағы басты мақсат – азық-түлік өнімдерінің, оның ішінде күнбағыс майының бағалары күрт өсуін теңестіру болды. Іс жүзінде, 2021-2022 жылдары күнбағыс тұқымдарына енгізілген экспорттық шектеулер күткен нәтиже бермеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда азық-түлік бағасы екі есе өскен (диаграмма қоса берілген).



Сонымен бірге, күнбағыс тұқымын экспорттауға баж салығын енгізу туралы шешім қабылданған кезде, **фермерлердің және олардың бірлестіктерінің пікірі мен дәлелдері тыңдалмады.**

Барлық шектеулер, шын мәнінде, ел экономикасына әсері шамалы, сапасыз, тиімсіз өндірісті қолдап отыр деп есептейміз.

Шектеулер фермерлерге тікелей экономикалық зиян келтіруде, бұл кейіннен егін шаруашылығы секторының және жалпы ауылдың дамуына әсер етеді.

Шектеулер халық үшін түпкілікті өнімнің бағасына әсер етпейді.

Сонымен қатар, шектеулер егін шаруашылығы секторының, соның ішінде майлы дақылдар өндірісінің инвестициялық тартымдылығын төмендетеді:.

Қазақстандық фермерлер осы майлы дақылды өндірудің күрделі өндірістік-технологиялық процесін меңгеруге тырысуда, бірақ бұл процесс өте қымбат, өйткені арнайы техника, тыңайтқыштар сатып алу және өнімділік қуатын көтеру үлкен инвестицияны қажет етеді. Жыл сайын күнбағыс тұқымының құны өсуде, өндіріс шығындары орта есеппен 25-30%-ға артуда, 2022 жылы Қазақстан Республикасының нарығында қалыптасқан баға, 2021 жылға қарағанда 30%-ға төмендеген. Ал бұл жағдайды қазіргі уақытта өндірушілердің алдында тұрған проблемалар, атап айтқанда, жылжымалы құрамның жоқтығынан және логистикалық мәселелерге байланысты жөнелтулердің тоқтап қалуы қиындатып отыр. Екінші жағынан, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне несиені қайтару, жалақыны уақтылы төлеу және т.б. міндеттемелер жүктеліп отыр. Күнбағыс тұқымын сатудан кіріс алуға үміт болған, бірақ бұл жерде де олар мемлекеттік органдардың шектеулер арқылы реттеу тетіктерін енгізуге деген ұмтылысына тап болды. Бұл ретте, қосымша шектеулер ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге майлы дақылдардың азаюына әкелетінін ешкім ескермейді.

Өткен жылы фермелер үнсіз қалды, өйткені олар түпкі тұтынушы қазақстандықтар үшін әсері болады деп ойлады, бірақ тәжірибе көрсеткендей, өсімдік майы бағасының төмендегендей әсері болған жоқ. Осыған байланысты, орасан зор сала соққыға жығылған кезде бірнеше «жартылай қайта өңдеушілердің» мүдделерін ашық түрде қолдау түсініксіз. Басқа сабақтас салалардың мәселесі қашанға дейін фермерлер есебінен шешілетін болады? Егер күнбағыс тұқымын өндіру экономикалық жағынан тартымды болмаса, фермерлер басқа бағыттағы шаруамен айналысатын болады, бұдан кейін олармен талқылайтын ештеңе қалмайды және барлық өңдеу кәсіпорындары банкротқа ұшырайтын болады.

Осыған байланысты көптеген сұрақтар туындауда:

– Қазіргі жағдайда фермерлер мен егіншілер не істеуі керек? Өйткені, бұлар да өз істерін жоспарлап, дамығысы келетін кәсіпкерлер емес ме?

– Әрине, өңдеу жақсы нәрсе, бірақ шын мәнінде сол бастапқы өңдеу шикізатын дерлік экспорттайтын кәсіпорындарды қолдау үшін бүкіл саланы шектеген дұрыс па? Осы шектеулерді енгізудің экономикалық бөлігі пысықталды ма?

– Бір тоннаға 100 еуро сома мөлшері қандай әдіспен белгіленді? Логикалық негіздеме бар ма?

– Шешім ішкі нарықты қажетті шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында қабылданған болса, Азық-түлік корпорациясының, ӘКК (Әлеуметтік Кәсіпкерлік Корпорациясы) және т.б. қолда бар құралдарды пайдалана отырып, нұсқалар әзірленді ме. Өйткені, бұл механизмдер бұрыннан бар, тиімді пайдаланылса, осы баждарды енгізудің қажеті бар ма?

Мәселен, «Азық-түлік корпорациясы» отандық тауар өндірушілерге қажетті көлемді сатып алса, ал қалған көлемді фермерлер нарықтық шарттармен өткізсе, мұның экономикаға оң әсері болмай ма?

Айтылып отырған жағдай Сіздің араласуыңызды талап етеді, өйткені бұл шешімнен шығынға ұшырайтын негізгі тарап – фермерлер мен олардың шаруашылықтары.

Құрметті Әлихан Асханұлы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметтің соңғы кеңейтілген отырысында Үкіметтің алдағы сын-қатерлерге дайындығы туралы мәселе көтерді. Жоғарыдағы сұрақтарды зерделей келе, **біз әлі де болса тиімсіз кәсіпорындарды немесе белгілі бір тұлғалардың мүддесін халықтың шынайы мүддесіне нұқсан келтіріп, қолдау көрсетіп келе жатқан сияқтымыз.** Біз «Әділетті Қазақстанда» ескі тәсілдермен жұмыс істеуге болмайды деп есептейміз.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыда айтылғанға байланысты:

Бірінші. Осы көрсетілген баждарды қабылдауды кейінге қалдырып, салмақты шешім қабылдау үшін жан-жақты, тиянақты жұмыс жүргізілсін. Бұл мәселені жан-жақты қарастыру қажет, өйткені агроөнеркәсіп кешені мен ауыл тұрғындарын дамыту мемлекет үшін басымдық болып табылады, бұл туралы Мемлекет басшысы да ерекше атап өтті.

Екінші. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен жан-жақты талқылау және жаңа ұсыныстар әзірлеу үшін фермерлер мен егіншілермен жеке кездесу ұйымдастыруыңызды сұраймыз.

Үшінші. Отандық май өңдеу кәсіпорындарын жүктеу үшін Азық-түлік корпорациясының, ӘКК (Әлеуметтік Кәсіпкерлік Корпорациясы) қолданыстағы құралдарын пайдалана отырып, шараларды жүзеге асырудың баламалы механизмдерін әзірлеу қажет.

Депутаттық сауалды қарап, қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
Аграрлық мәселелер комитетінің
мүшелері, «AMANAT» партиясы
Фракциясының мүшелері:**

**Б. Торғаев
Б. Оспанов
Қ. Абасов
А. Бердалин
Ф. Қаратаев
Н. Ожаев
Б. Сартбаев
М. Төлепберген
А. Үйсімбаев**

**«Қазақстан Халық партиясы»
Фракция мүшесі:**

А. Қоңыров

«Ақ жол» Фракциясының мүшелері:

**Е. Барлыбаев
А. Әбілдаев**

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары:**

**А. Амирханян
Ш. Осин**



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

Оглашен 21 декабря 2022 года

Премьер – Министру
Республики Казахстан
Смаилову А.А.

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Алихан Асханович!

Настоящим, обращаем Ваше внимание на вопрос введения пошлин на экспорт семян подсолнечника, которое вводится в действие с января 2023 года.

Необходимость принятия данного решения обусловлено глобальной нехваткой семян подсолнечника, в том числе в связи с текущей геополитической обстановкой. Вместе с тем, позиция Заместителя Премьер Министра – Министра торговли и интеграции основана на необходимости загрузки отечественных масло перерабатывающих предприятий и экспорте товаров высокого передела.

Однако, данное решение вызвало негодование со стороны фермеров и полеводов. Так, согласно статистическим данным, в Казахстане ежегодно растет производство подсолнечного масла. Вместе с тем, если в период с 2013 по 2017 гг. в структуре производства преобладали объёмы рафинированного подсолнечного масла, то начиная с 2017 г. объёмы производства нерафинированного масла превысили практически в два раза (график прилагается).



Другими словами, масло перерабатывающие предприятия не вкладываются в технологии по глубокой переработке продукции, вместо того, применяют лишь

первичный передел, которое практически не имеет существенной добавленной стоимости. И тут возникает вопрос: почему государство продолжает поддерживать неэффективные предприятия? При этом, на сегодня четко видна тенденция, когда предприятия осваивают только первичный передел и отправляют практически всю продукцию на рынок Китая и ближнего зарубежья. Отчасти, поэтому на сегодня прилавки Казахстана до 80% заполнены импортной продукцией, в том числе подсолнечное масло.

Основная цель при принятии данного решения была нивелировать резкий скачок цен на продовольственные товары, в том числе на подсолнечное масло. На самом деле, введенные в 2021 и 2022 гг. ограничения на экспорт семян подсолнечника не возымели желаемого эффекта. Согласно статистике, цены на продовольственные товары в Казахстане выросли в два раза (график прилагается).



Вместе с тем, при принятии решения о введении пошлин на экспорт семян подсолнечника, **мнение и доводы самих фермеров и их объединений не были услышаны.**

Считаем, что все ограничения, по сути, поддерживают не качественное, не эффективное производство, с ничтожно малым эффектом для экономики страны.

Ограничения наносят прямой экономический вред фермерам, что впоследствии сказывается на замедлении темпов развития сектора полеводства, и аула в целом.

Ограничения никак не влияют на цены конечного продукта для населения.

При этом ограничения снижают инвестиционную привлекательность сектора полеводства: производство масличных культур.

Фермеры Казахстана пытаются освоить сложный производственно-технологический процесс производства этой масличной культуры, данный процесс является высокзатратным так, как требует больших вложений на приобретение специальной техники, удобрений и строительство мощностей для хранения. Каждый год себестоимость семян подсолнечника растет, затраты на производство увеличиваются в среднем на 25-30%, цена, сформированная на рынке РК в 2022 году, демонстрирует падение к 2021 году на 30%. И эта ситуация в текущем моменте усугубляется проблемами, с которыми столкнулись производители, а именно остановкой отгрузок, связанную с отсутствием подвижного состава и логистическими проблемами. С другой стороны, на сельхозпроизводителей давят обязательства по выплатам займов, своевременная выплата заработной платы и т.д. Была надежда на получение доходов от

реализации семян подсолнечника, но и тут они столкнулись с желанием государственных органов включить регуляторные механизмы через ограничения. При этом никто не учитывает тот факт, что дополнительные ограничения сельхозтоваропроизводителей приведут к сокращению посевов масличных культур как минимум.

В прошлом году фермеры промолчали, так как думали, что будет эффект для конечного потребителя народа Казахстана, но опыт показал, что эффекта в виде снижения цены на растительное масло не было. В связи с этим тем более непонятно неприкрытое лоббирование интересов нескольких «полупереработчиков», когда под ударом находится огромная отрасль. До каких пор проблемы других смежных отраслей, будут решаться за счет фермеров? Если производство семян подсолнечника станет экономически не привлекательно, фермеры переориентируются, и обсуждать будет нечего и все заводы по переработке станут банкротами.

В связи с этим возникает много вопросов:

- Как быть в текущей ситуации фермерам и полеводам? Ведь это тоже предприниматели, которые хотят планировать свою деятельность и развиваться?

- Определенно, переработка — это хорошо, но целесообразно ли ограничивать целую отрасль для поддержки предприятий, которые, по сути, почти экспортируют то же сырье первичного передела? Была ли проработана экономическая часть введения данных ограничений?

- По какой методике была установлена сумма в размере 100 евро на тонну? Есть ли логическое обоснование?

- В случае, если решение принято в целях обеспечения внутреннего рынка необходимым сырьем, проработаны ли варианты с использованием существующих инструментов Продкорпорации, СПК и других. Ведь, данные механизмы уже есть, если их эффективно использовать, есть ли необходимость вводить данные пошлины?

К примеру, если Продкорпорация закупит необходимый объем для внутренних производителей, а остальной объем будет реализован фермерами на рыночных условиях, не будет ли это иметь более положительный эффект на экономику?

Ситуация требует вашего вмешательства, так как основной стороной, которая понесет убытки от данного решения, являются фермеры и их хозяйства.

Уважаемый Алихан Асханович, Глава Государства Касым-Жомарт Кемелевич, на прошедшем расширенном заседании Правительства поднимал вопрос готовности Правительства на дальнейшие вызовы. Изучив выше озвученные вопросы, складывается мнение что мы **до сих продолжаем поддерживать неэффективные предприятия или интересы определенных лиц в ущерб реальным интересам населения**. Считаем, что в Справедливом Казахстане, старые подходы не приемлемы.

Уважаемый Алихан Асханович, в связи с изложенным, просим:

Первое. Отложить принятие указанных пошлин и провести комплексную, тщательную работу для принятия сбалансированного решения. Необходимо комплексно рассмотреть данный вопрос, так как развитие АПК и сельского населения являются приоритетным направлением для государства, что также особо отмечалось Главой Государства.

Второе. Просим организовать отдельную встречу с фермерами и полеводцами для всестороннего обсуждения и выработки новых предложений с участием центральных и местных госорганов, профильных организаций.

Третье. Необходимо проработать альтернативные механизмы реализации мер, с использованием существующих инструментов Продкорпорации, СПК для загрузки отечественных маслоперерабатывающих предприятий.

Просим рассмотреть депутатский запрос и о принятых мерах предоставить ответ в письменной форме в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан.

**С уважением,
депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстана,
члены Комитета по аграрным вопросам
члены Фракции партии «AMANAT»**

**Б. Торгаев
Б. Оспанов
К. Абасов
А. Бердалин
Ф. Каратаев
Н. Ожаев
Б. Сартбаев
М. Тулепберген
А. Уисимбаев**

**член Фракции
«Народной партии Казахстана»**

А. Конуров

члены Фракции «Ак жол»

**Е. Барлыбаев
А. Абильдаев**

**депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
от Ассамблеи народа Казахстан**

**А. Амирханян
Ш. Осин**